

Инклюзивті білім берудің тиімділігі
Нұрхалық Айдана Нүсіпбекқызы
Педагог-психолог
Еңбекшіарал ауылындағы орта мектеп КММ

Қазіргі таңда денсаулығында қандай да бір ауытқуы бар балалардың дені сау балалармен қатар білім алуы кең таралуда. Инклюзивті білім беру АҚШ пен Еуропа еледірінде 1970 жылдан бастау алады, ал біздің елімізде инклюзивті білім беру туралы алғаш «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» аясында іске асырыла бастады. Аталмыш бағдарлама аясында елімізде инклюзивті білім беруді дамыту үшін келесі міндеттер қойылған болатын: мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламаларын әзірлеу, мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу т.б. қарастырылған.

Инклюзивті білім алу деп белгілі себептермен ақыл - ой дамуында ауытқуы бар немесе психикалық дамуы тежелген оқушылардың жалпы білім алатын оқушылармен қатар білім алуын айтамыз. Яғни, инклюзия сөзін латын тілінен «өзімді қосамын», ал ағылшын тілінен қазақшаға аударғанда «араласамын» деген мағынаны береді. Инклюзивті білім беру инклюзияның қоғамға енгізілуінің негізгі каналы болып табылады.

Инклюзия шартында бала емес, мектеп баланың денсаулық жағдайына қарамастан оның жағдайына қарай бейімделеді. Біл не дегеніміз? Бұл барлық балаларға деген тең қарым-қатынасты білдіреді, қандай да бір признак бойынша дискриминацияның болмауын көрсетеді. Инклюзивті білім беру барлық балалар үшін оның денсаулық және мүгедектік дәрежесіне қарамастан үздіксіз жалпы білім алуға бірдей мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру білім алу үрдісінің барлық субъектілеріне қатысты болады: мүмкіндігі шектеулі балаларға, мүгедек балаларға, олардың денсаулығында еш ерекшелігі жоқ құрдастырына, мұғалімдерге және әкімшілікке.

Инклюзивті білім берудің ғаңидалары:

- Адамның құндылығы оның мүмкіндігі мен жетістігіне байланысты емес;
- Әрбір адамның сезіне және ойлай алады;
- Әр адам басқаларымен байланысуға құқы бар;
- Барлық адамдар бір-біріне мұқтаж;
- Нағыз білім нақты қарым-қатынас контекстінде іске асырылады;
- Барлық адамдар өздерінің құрдастырымен достыққа және олардың қолдауына мұқтаж;
- Прогреске жету оқушының не істей алмаймын емес, не істей аламын қағидасы негізінде іске асады;

Яғни, инклюзивті тәсіл барлық оқушылар үшін бірге оқу мүмкіндігін және сапалы білім алуды қамтамасыз етеді:

1. Кез келген бала өзінің физикалық және психологиялық денсаулығына қарамастан өзі қалаған балабақшаға немесе мектепке бара алады;
2. Білім беру мекемесінде оқушыларды «сорттау», «таңдау» деген ұғымның болмауы, білім аралас топтарда және жапы білім беру сыныптарында өтеді.
3. Ерекшелігі бар оқушылар өзінің жасына сай құрдастарымен білім алады;
4. Кемшілігі бар оқушылар үшін ерекше жағдайлар жасалынады (архитектуралық, кадрлық, әдістемелік).

Инклюзивті білім берудің тиімділігі

Айрықша оқушылар үшін:

Денсаулығында қандай да бір кемшілігі бар оқушылар үшін инклюзивті білім денсаулығында ешқандай кемшілігі жоқ құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, яғни кемшілігі бар балалардың достарының ұлғаюына мүмкіндік береді. Бұл өз қатарында кемшілігі бар балалардың әлеуметтену және коммуникативті дағдылары деңгейін көтереді. Бұл өте маңызды, өйткені физикалық немесе психологиялық кемшілігі бар балалардың байланысы көбінесе тек қана өзінің жақын туыстарымен, арнайы мамандармен не болмаса өзі сияқты денсаулығында кемшілігі бар балалармен ғана шектеледі. Одан басқа, аралас байланыс орнату кемшілігі бар балалардың әлеуметтік стигматизацияны жеңуіне көмектеседі. Олар үшін арнайы құрылғылармен жабдықталған, шектеулі адамдарға бейімделген (мысалы, кинотеатрларды құлағы естімейтіндер үшін арнайы құрылғының болуы, музейлерде Брайль шрифті бар тақтайшалардың орнатылуы, т.б.) музейлерді, көрмелерді, театрларды, кинотеатрларды қатысуына мүмкіндік туады.

Ерекше білімі қажеттіліктеріне сай жағдайлардың бар болуы олардың академиялық жетістіктері жоғарылайына да септігін тигізеді. Мұндай шарттарға білім беру мекемесінің архитектуралық ортасы, әдістемелік және кадрлық қамтамасыз етуі, мұғалімдердің квалификасынын жоғарылату, білім беруде арнайы әдіс-тәсілдерді өолдану жатады.

Инклюзивті білім беру денсаулығында кемшілігі бар оқушылар үшін олардың өздеріне ыңғайлы форматта білім бағдарламасын игеруіне мүмкіндік береді. Білім беру үрдісі түзету-дамыту сабақтары және денсаулықты жақсарту сабақтарымен қатар іске асырыла алады.

Инклюзия әрбір оқшыға білім беру саласында жеке тәсіл қолдануды қамтамасыз етеді: бейімделген оқу бағдарламалары, жеке оқу маршруттары, оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдары.

Қарапайым балалар үшін

Денсаулығында кемшілігі бар құрдастарымен араласу және оларға көмек көрсету нормотиптік балалар үшін олардың зейнділігін, жауаптылығын, көмекке келу даярлығын арттырады. Қарапайым балалар өздерінен айрықша сыныптастарының сырт келбетінен тыс ерекшеліктерін көруді және сыйлауды үйренеді. Болашақта олардың мейірімді, қоршаған оратын сыйлай білетін тұлға болып қалыптасына көмектеседі.

Ұстаздар үшін

Мұғалімдерде (педагог-психологар, педагог-логопедтер) мамандық құзыреттілігін арттырудың жаңа мүмкіндігі туады. Фиикалық және психологиялық кемшілігі бар балаларды оқыту үшін қажетті түрлі әдістерді, тәсілдерді, технологияларды меңгеру мұғалімнің жалпы сыныппен тиімді жұмыс жасауына көмектеседі.

Қорыта айтқанда, инклюзивті білім беру - қандай да бір кемшілігі бар балалардың қалыпты балалармен бірге білім ала алуы, адамның жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім алу болып табылады. Бұл арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан білім берудің 2 жүйесін жалпы және арнаулы жүйелерді бір-біріне жақындастырады. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасын қамтамасыз ету, сонымен қатар оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастырудың идеологиясы жатыр. Тәжірибе көрсеткендей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалып жатады. Мұндай қалыптасқан жүйе баланың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Астана, 2010 ж.
2. Алехина С.В., Семаго Н.Я., Фаина А.К. «Инклюзивное образование» Выпуск 1. М.: Центр «Школьная книга», 2010.
3. Зайцев Д.В. Социальная интеграция детей-инвалидов в современной России. Саратов: Научная книга, 2003.
4. Инклюзивное образование. Настольная книга педагога, работающего с детьми с ОВЗ: метод. пособие / Под ред. М. С. Старовой. М.: Владос, 2011.